



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты  
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for  
students and young scholars  
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір  
11 апреля 2014 года  
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2014»  
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
IX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS  
of the IX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2014»**

**2014 жыл 11 сәуір**

**Астана**

**УДК 001(063)**  
**ББК 72**  
**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».  
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.  
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001(063)**  
**ББК 72**

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті, 2014

М.Дулатұлының таным әлемі және қоғамға, тілге деген еңбегінің қозғаушы күші тілін зерттегенде ғана айқындалады.

Міржақып шығармашылығына халық ауыз әдебиеті әсер еткен бірінші бастау екенін өз еңбектерінде фольклор жанрының үлгілері мен деректерін үзбей пайдаланылуы айғақтаса керек. Әсіресе, балаларға арналған педагогикалық еңбектерінде, оқу құралдарында фольклор үзіктері үзбей қолданылады. Мысалы, «Қобыланды мен Тайбұрыл», «Қара батыр» ертегісі т.б. Міржақып сонымен қатар, дәстүрлі шығыс әдебиетінің өзіндік ерекшелігін бойына қабылдайды. Шығыс ойшылдарының еңбектері, ислам дінінің имандылық мәні Міржақыптың алғаш танысқан әдеби үлгілер болатын. Кейіннен ол алдыңғы қатарлы орыс әдебиетін оқыған, көзі ашық ағартушы дәрежесіндегі тілдік тұлғаға айналды. Абай өлеңдері жарыққа шыққаннан бастап Міржақып әдеби тұлғасына ерекше әсер еткен дана Абай көрсеткен жол еді.

Міржақыпты тілдік тұлға ретінде танытатын қырының бірі - оның публицистикасы. М.Дулатұлының мақалалары «Қазақ» газетінде, «Айқап» журналында жарияланған.

Міржақыптың шығармашылық тіліндегі бір көрінісі - араб тілінен аударған Әл-Фараби замандасы, араб ақыны Абу Фарастың «Тағдырдан сұра, қаскүнем» өлеңі, А.С.Пушкиннен, М.Ю.Лермонтовтан, Н.Ановтан жасаған әдеби аудармаларымен қатар, әртүрлі заңдар, кітапшалар, оқу құралдарының аудармалары.

Ауыз әдебиеті нұсқалары, ақын-жыраулар шығармашылығы, Абай туындыларынан бастау алатын М.Дулатұлының тілдік тұлғасы көптеген туындыларымен толықты. Оның жарық көрген еңбектері: «Оян, қазақ!» – Уфа, 1909; «Бақытсыз Жамал» – Қазан, 1910; «Азамат» (өлеңдер жинағы) – Орынбор, 1913; «Терме» (жинақ) – Орынбор, 1915; «Есеп құралы» оқулығы – Орынбор, 1914; Бастауыш мектепте екі жыл оқылатын Қирағат кітабы – Орынбор, 1916; «Қирағат кітабы» 1923 жылы; «Есеп құралы» 1927 жылы өңделіп, алтыншы рет басылды.

Алаш ағартушыларының ортақ идеясы халықтың санасын оятып, оқу-білімге үндеу болатын. Бұл жөнінде Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасын зерттеген тілші О.Жұбаева былай дейді: «XX ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған. Қазақ тіл білімінің сол кезге дейінгі зерттелу жайы мен жалпы тіл біліміндегі түрлі бағыт-көзқарастармен таныса отырып, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытуға тырысқан».

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. Москва. 1959. 36 с.
2. Караулов А.Ю. Русский язык и языковая личность. Москва. 1987. 264 с.
3. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика. Минск. 2004. 256 с.

**ӘОЖ 811.512.122'366**

#### **КОНТАМИНАЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИПАТЫ**

**Әмілбекова Тоғжан**

*amilbekova@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.О.Сыздықова, ф.ғ.д., доцент

Контаминация (лат.contaminatio қосылу, араласу) – сөз тіркестерінің немесе ұқсас тұлғалардың бірігуі, тоғысуы, шектестігі нәтижесінде туған жаңа сөз я сөз тіркесі; семантикалық, қызметтік, құрылымдық жақындық негізінде екі тіл бірлігінің элементтерінің сөйлеу кезіндегі араласуы. Мысалы, «қолы жүйрік» деген тіркеске шектестіктен «қаламы

жүйрік» (қол мен қаламның шектестігінен) тіркесі шыққан. Ауыз әдебиетіндегі *сұр жебе*, *ақ перен* тіркестерінен *Нысанбай жырау сұр перен* тіркесі жасалған. *Наурызбай сынды сұр перен* [1, 159 б]. Мұндай құбылыс, әдетте, ауызекі сөйлеуде кездесіп, әдеби нормалардан ауытқу деп есептеледі. Сонымен қатар контаминация негізінде жаңа тіл бірліктері де пайда болады. Контаминацияға ұқсас интерференция құбылысында ана тілі бірліктерінің лексика-семантикалық дистрибуциясы басқа тілдің бірліктеріне де жұмсалады [2, 110 б].

Ғалым О.С.Ахманова контаминацияның ағылшын, неміс, испан, француз тілдерінде қолданылатынын атап өтіп, контаминацияны тілдік единицалардың бірігіп, олардың семантикалық және формалық түрде өзгеріп, жаңа тілдік единицаның пайда болуы деп түсіндіреді. Сондай-ақ «контаминацияның нәтижесінде пайда болған түрді «контаминациялық форма» деп атайды [3, 206 б].

Сонымен қатар контаминация «екі немесе одан көп оқиғаның суреттелуі; әртүрлі редакциялық текстердің қосылуы; ал лингвистикада қосылған екі сөздің нәтижесінде жаңа тіркестің пайда болуы» деп сипатталатын тұжырымдар да бар [4, 248 б]. Мысалы: *Жалғыз қалған соң, кабинаның ішін көзіммен шарлай бастадым (Д.Исабеков)*. Мұндағы «көзіммен шарлау» тіркесі «көзіммен шолу» тіркесінің нәтижесінде туған. Яғни *шолу* және *шарлау* сөздерінің мағыналық шектестігінен пайда болған. Сондай-ақ жазушының қолданысындағы «**өрісі тарылу**» тіркесі «**көңілі тарылу**» тіркесінің негізінде жасалған: *Ол үйге аттап кірген сәттен бастап сары мысықтың өрісі тарылып, бейілі қашты. (Д.И. «Қаблан»)*. Мұхтар Әуезов «өңі бұзылды» тіркесінің негізінде «**Өңі аппақ құдай**» тіркесін жасайды: *Қамшысын таянып, тымағын басынан алмай, бір тізерлеп отыр. Өңі аппақ құдай (М.Ә. «Абай жолы» 4 том)*. Сонымен бірге: *Қасыңызға ергелі қасықтай салмағым салып, бейнетімді тартқызбасын, деп едім [М.Ә. «Абай жолы» 4 том]*. *Аттарын сол лапасқа жалғас салынған ат қора, складтарға жанастыра байлап, көлденең көзден жасырын отыруға тырысқан [М.Ә. «Абай жолы» 4 том]*. Мұндағы «**салмағын салу**» - «**салмағы түсу**», «**көлденең көз**» - «**көлденең кісі**» тіркестері де контаминацияның нәтижесінде жасалған.

Контаминация екі түрлі ұғымда қолданылады. Бірі – текстологияда, екіншісі – тіл білімінде. Тіл білімінде контаминация тұрақты тіркестердің ықшамдалуынан, тілдік бірліктердің мағыналық, қызметтік және құрылымдық жағынан бірігуінен пайда болады. Мәселен, *Қасынан Дәрмен тұра бергенде, шырт ұйқыдан атқып тұрған Мәкен енді Мағрипаны көріп, қуанышы желдей есті* [М.Ә. «Абай жолы» 4 том]. М.Әуезовтің қолданысындағы «**қуанышы желдей есті**» деген тіркесі **көңілі желдей есті** және **қуанышы қойнына сыймады** деген тұрақты тіркестердің бірігуі нәтижесінде пайда болып тұр.

Орыс тарихшысы В.К.Тихонов XIX-XX ғ. ғалымдар тілдегі ауысу құбылысы туралы әр үрлі зерттеулер жасағанымен, бұл туралы бірқатар сұрақтар әлі де зерттелмегендігін айта отырып, контаминацияның лексикалық, фразеологиялық және синтаксистік контаминация тәрізді үш түрін бөліп қарастырады. В.К.Тихоновтың пікірінше, фразеологиялық контаминация құбылысы ауызекі тілде қолданылады. Контаминациялық формалар интернет, газет, публицистикадағы әдеби тіл нормаларының бұзылуына алып келеді.

Лингвистикалық зерттеулерде контаминацияның пайда болуы әдеби тіл нормаларының бұзылуының бір көрінісі екендігі де атап көрсетіледі. Алайда тілдік тәжірибеде контаминациялық единицалардың әдеби тілге ену мүмкіндігі бар дейді де оны мына мысалдармен дәлелдейді: «**самомучитель**» (**самоучитель** + **мучитель**) «**филолух**» (**филолог** + **олух**); «**пейсатель**» (**пей** + **писатель**); «**трагикомический**» (**трагический** + **комический**); «**интернетционал**» (**интернет** + **Интернационал**); «**бредография**» (**география** + **бред**); «**белток**» (**белок** + **свиток**) т.б. тіркестерді жатқызады.

Қазақ тіл білімінде контаминация құбылысының зерттелуі А.Байтұрсыновтан бастау алды. Ғалым қазақ тіліндегі контаминация құбылысын синтаксистік тұрғыдан қарастырып, аталған құбылысты ықшамдау, яғни сыйысу деп атайды.

«Ықшамдау деп сол толық түрден ықшам түрге айналдыру айтылады, – деп оған мынадай мысал келтіреді, - *түсі қандай болса, ісі сондай болады*. Бұл – толық түрі. Ықшам түрде айтқанда, *«ісі түсіндей болады»*. Бағыныңқы сөйлем жоғалып, *«түсіндей»* деген жалғыз ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп кетіп тұр», – дейді [6, 308 б].

Ал фразеологизмдердің контаминациямен байланысы, қатысы Е.Қ.Жұбанов, С.М.Исаев, Н.Уәлиұлы, Г.Қосымова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде әр қырынан қарастырылады.

Фразеологиялық бірліктердің пайда болуына белгілі бір заңдылықтар әсер ететіндігі белгілі. Тілде фразеологизмдер құрамынан мынадай құбылыстар көрініс тауып жатады: мағынасы жақын екі тұрақты тіркес бір-біріне кірігіп кетіп, жаңа бір үшінші тіркесті тудырады.

Ғалым С.М. Исаев контаминацияны синтаксистік және фразеологиялық тұрғыдан түсіндіріп, «Тілдің даму барысында жаңа ұғымды, ойды білдіру үшін, болмаса басқа экспрессивті-модальды мән қосу үшін кейде тіркесудің қалыптасқан белгілі шеңбері сақталмай, бір сөз бұрын тіркеспеген жаңа сөзбен тіркесіп, жаңа сөз тіркесі жасалатыны көптеген тілдерде ұшырасады. Осындай жаңа тіркестердің басқаларынан окшауырақ бір түрі – контаминация арқылы жасалған жаңа тіркестер. Контаминация (лат. contaminato - қосылу, араласу, жымдасу) - екі элементтен үшінші жаңа элемент жасау деген. Мысалы *«тауы шағылу»* мағынасындағы сөзі, - деп отырып *«тауы қайту»* деген фразалық тіркеске мысал келтіреді, – *«тауы қайту»* тіркесі контаминация арқылы *«тауы шағылу»* және *«беті қайту»* деген тіркестерден жасалған. Өйткені *«тауы шағылу»* деген *«тауы қайту»* тіркесінен бұрын жасалған, алғашқының шығу тегі ертерек деп жорамалдауға болады. Оны екі фразеологиялық тіркестің және олардың құрамындағы сөздердің семантикасынан, синтаксистік байланысу қабілеттілігінен де байқай аламыз. Алғашқы тіркестің құрамына енген екі сөздің екеуі де қазіргі кезде дербестігінен, мағыналарынан айырылған. *«Тауы»* және *«шағылу»* сөздері жеке тұрып та, басқа сөздермен тіркесіп те қолданылмайды. Ал екінші тіркестің алғашқыға қарағанда арқауы босаңдау және *«қайту»* сөзі жеке тұрып та, басқа да біраз сөздермен қосылып та жұмсала береді: *көңілі қайту, жүрегі қайту, беті қайту, күші қайту* т.б. *«Беті қайту»* дегеннен де, *«тауы қайту»* тіркесі көнерек емес пе деген сұрақ тууы ықтимал. Әрине, сырт қарағанда, солай сияқты, алдыңғы тіркестің тұрақтылығы берік тәрізді. Бірақ бұл арада тіркес пен жеке сөздің тарихын айырып қараған жөн. *«Тауы қайту»* деген тіркесті *«қартайтып»* тұрған оның құрамындағы *«тауы»* деген сөз, ол сөздің мағыналық көмескілігі, қолдану аясының тарлығы. *«Беті қайту»* өз алдына жеке жасалған туынды. Кейін бұл тіркес тұрақталып, фразеология қатарына еніп, *«тауы шағылу»* тіркесімен мағыналас, синонимдес болған да, қолданыла-қолданыла, *«тауы шағылу»* дегеннің бірінші сөзі мен *«беті қайту»* тіркесінің екінші сөзі қосақталып, үшінші бір синонимдес *«тауы қайту»* деген тіркес құраған».

С.М.Исаев контаминация құбылысының грамматикалық категория ретінде түркологияда, тіл білімінде әлі де толық қалыптасқан жоқ дейді. Зерттеуші контаминацияның біріккен сөзбен ұқсастығы, контаминация арқылы екі сөзден үшінші сөз жасалуында дейді. Ғалымның пайымдауынша, орыс тіліндегі *спортзал, пионерлагерь, танцплощадка* сияқты бір алуан сөздерді көпшілік ғалымдар қысқартылған біріккен сөздер қатарына жатқызса, кейбір тіл мамандары оған қарсылық білдіріп: «Новая модель сложения слов является контаминированной. Она возникла первой четверти XX в. на почве аббревиаций в результате взаимодействия со старыми моделями основосложения посредством соединительных гласных» деген пікір айтады. Бұндай құбылыстар қазақ тіліндегі біріккен сөздер қатарында да кездеседі. Мысалы *балмұздақ, жанкүйер, жанармай, жолнұсқа, жолсерік, жолқиыс* т.б.

«Енді бірде контаминация сөйлемнің құрылысы ыңғайында айтылып кетеді» деп ғалым С.М.Исаев А.Н.Гвоздевтің мына сөздерімен дәлелдейді: «Типичным выражением форманирования предложений «на ходу» является контаминация, состоящая в том, что структура начала предложения расходится со структурой его конца, так как говорящий

благодаря недостаточной сосредоточенности соскальзывает с одной синтаксической конструкций на другую... Подобным же образом, предложение начатое как простое, заканчивается как сложное предложение с придаточным, и благодаря этому получается не допускаемое в книжной речи положение, что главное предложение оказывается включенным в придаточное».

С.М.Исаев қалам қайраткерлерінің көркем образды нақыл сөздері, аффоризмнің біразы контаминация арқылы жасалғанын айтады. Оған Абайдың өлеңінен мысал келтіреді:

«Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,  
Суретің көре алмассың, көп бақпассан.  
**Көлеңкесі түседі көкейіңе,**  
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.

Немесе:

Ана ішіп күнде берген жаны құрсын.  
Арың сатып тіленген малы құрсын.  
**Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,**  
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.

Мұндағы «*көлеңкесі түседі көкейіңе*» тіркесі «*көлеңкесі я суреті суға түсу*» сөз тіркесі мен «*көкейіңе қону*» сияқты тұрақты тіркестерден жасалған.

Ғалым С.Б. Қоянбаева тілдегі фразеологизмдердің экспрессивтік стилистикалық ерекшелігін айта келіп, фразеологизмдердің авторлық қолданыста өзгеріп, жаңа стилистикалық қызметте келуі екіұшты пікірдің бір сөйлем ішінде берілуі арқылы **контаминация тәсілімен** жүзеге асатындығына назар аударады (*Семіз сөйлеп, арық шықпасақ екен*) [8, 206]. Мысалы, *Іңір қараңғылығының дәл осы шақтарында бұл топтан басқа және де қарбаласқан жандар бар (М.Ә. «Абай жолы»)*. Осындағы «*іңір қараңғылығы*» тіркесі «*кеш қараңғылығы*», «*қараңғы түсу*» тіркестерінің нәтижесінде жасалған. – *Айыпты, жазықты ғой, ендеше жазасы не болады? – деп, ашулы жүзбен тағы томсара қарады (М.Ә «Абай жолы»)*. «*Ашулы жүз*» тіркесі *салқын жүз + ашулы түс* тіркестерінің шектестігі нәтижесінде туған.

Ғалым А.С.Махметова М.Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдерді зерттей келе, ақынның халық тілінің фразеологиялық қазынасын кейде өз қалпында, кейде жаңғыртып, жаңалап пайдаланып, кейде сол үлгіден жаңа тіркестер құрайтындығын айтады. «М.Жұмабаев халық тіліндегі тұрақты тіркес қорынан ең қажеттісін тандай отырып, оларды түрлендіре, оларға қосымша мағына үстейді, өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты тұрақты тіркестердің ойға сай болуын ажарлайды да, атқаратын қызметін түрлендіре түседі, бірақ тіл заңдылықтарын еш уақытта ұмытпайды» [9, 8 б].

Зерттеуші жалпы қолданыстағы *ұзын сөздің қысқасы* деген тіркестің ақын қолданысында түрліше тұлғада кездесетіндігіне назар аударады. Мысалы:

**Созылған сөздің қысқасы,  
Қысқа сөздің нұсқасы.**

**Ұзын сөздің түйіні**

Бұл тоқсанның жиыны

Сондай-ақ кейбір тұрақты тіркестердің бір компонентін жаңартып жұмсау арқылы да тұрақты тіркестердің мағынасы жаңартылған. Мысалы:

Шай-қымызға әбден той,  
**Көңілде іңкәр қалмасын!**  
Өтеді өмір,  
Жүрекке **шер байланды.**

Осындағы тұрақты тіркестердің халық тіліндегі «*көңілде кірбің қалмасын*», «*түсі кашу*», «*шер толды*» сияқты тіркестермен салыстырғанда, экспрессивті-эмоционалды реңкі басымырақ дейді [9, 9 б].

Мұндай құбылыстар Шортанбай жыраудың жырларында да кездеседі. Мысалы:

Тәубе қылмай жасымда,  
Қанша бала болады,  
Қиямет түн басымда,  
**Қасықтап жиған** көп малым  
Қалды менің артымда

Осындағы «*қасықтап жиды*» тіркесі «*тірнектен жиды*» тіркесінің негізінде жасалған контаминациялық тіркес.

Қазақ тілінде контаминация құбылысын ғалым Н.Уәлиұлы фразеологиялық нормамен байланысты қарастырады. Ғалым: « Фразеологизмдердің лексикалық құрамын жаймалап қолданудағы ерекше бір тәсіл – екі бөлек фразеологизмдердің кейбір сыңарларын, әсіресе, қайталанатындарын түсіру арқылы бір бүтін етіп жұмсау. Мысалы, сөйлеу дағдысында **шыбын жан, қу жан** тәрізді фразеологиялық түйдек кейбір фразеологиялық орамдармен сыйыстырыла жұмсалып, фразеологиялық бір бүтінге айнала бастайды», - деп оған мынадай мысал келтіреді: *Ей Қыдырбай, жылаған мен жаны күйген бүгін кеп тұрған. Біз қу жанды шүберекке түйіп кеп тұрмыз, білдің бе? Сен де шараңнан аса берме* (М.Әуезов). Берілген сөйлемдегі *қу жанды шүберекке тую* тіркесі *қу жанын қоярға жер таппау + шыбын жанын шүберекке тую* тәрізді екі тұрақты тіркестің сыйысуы арқылы жасалған[7, 52-53 бб]. Ғалымның бұл тұжырымын мынадай тілдік деректермен дәйектеуге болады: *Біздің Қасен молдадай қанды қақпан болса, бұл молда да теріс болмас* (М.Д). Мұндағы *қанды қақпан* деген тіркес *қанды қол және қақпанға іліну* деген тіркестердің бірігуі нәтижесінде жасалған. Байқап отырғанымыздай, жазушы халық қолданысындағы *қол (қанды қол)*сөзінің орнына *қанды* сөзін *қақпан* сөзімен тіркестіреді.

Ғалым Ж.А.Абдрахманова контаминация ұғымының «семантикалық, қызметтік, құрылымдық жақындық негізінде екі тіл бірлігі элементтерінің сөйлеу кезіндегі араласуы» деген мағынаны білдіретіндігін айтады.

Жазушы кейде фразеологиялық сөз орамдарының лексикалық құрамын, семантикалық құрылымын қайта жаңғырту мақсатында оның әсер-ықпалын күшейте түсу үшін, фразеологиялық тұлғаларға жаңа бір көркемдік эстетикалық сапа беру жолында олардың мағынасы бір-бірімен тоғысып, лексикалық құрамдары жымдасып жататын контаминация тәсілін қолданады. Мысалы: *Солардың арасында он екі-он үш жастардағы жалпоз көйлек жалақ бала Мақұл танауын көтерін, кеудесін ұрғылайды* (О.Сәрсенбаев). *Танауын көкке көтерді* тіркесінің мағынасысөздікте «өз-өзіне сыймай, ешкімді менсінбей дандайсыды, мақтанды, кеудесін қақты – өр мінездікке салынды, көкірек көтерді; мардымсынды» деген тіркестермен түсіндіріледі. *Танауын көтерді – танауын көкке көтерді; кеудесін ұрғылайды – кеудесін қақты* осы мысалдағы алғашқы компонент өз алдына дербес фразеологиялық тіркес эллипсиске ұшыраған, мұның екінші компоненті де дербес фразеологиялық тіркес, оның етістігі субституция әдісі арқылы жасалған. ***Танауын көкке көтерді + кеудесін қақты = танауын көтерін, кеудесін ұрғылайды***[11, 17 б].

Ғалым Е.Қ.Жұбанов:

«Еркектей, қыз да болса, сұлу Баян,  
Өлтіріп Қодар құлды намыс алды

дегендегі «*намыс алды*» тіркесінің тіліміздегі «*кек алу*» және «*намысты жібермеу*» типіндегі екі фразадан контаминация жолымен жасалғандығын атап көрсетеді [12, 50 б].

Зерттеуші Г.Қосымова: «Фразеологиялық контаминация (әлемдік тіл білімінде осылай аталып жүр) екі немесе бірнеше фразеологизмдердің ықшамдалып кірігуінен жасалады. Яғни мағыналары жақын фразеологиялық тіркестердің біреуінің бір компоненті мен екіншісінің бір компоненті өзара кірігеді. Контаминациялық жолмен жасалынған тіркестер жырда жиі ұшырасады» - деп, фразеологиялық контаминацияларды мынадай мағыналық топтарға бөліп көрсетеді:

1) мағыналары жуық және құрылысы бірдей тіркестерден ықшамдалып жасалынған фразеологизмдер:

Қарашаш пен Сәулеге

Баласы *тілек салыпты* («Ақсауыт»).

*Тілек салды – қолқа салды+тілек айтты.*

2) мағыналары да, құрылымдары да әр басқа тіркестерден жасалған фразеологизмдер: Кеудеден жаның кеткенше

*Қолдан берме арыңды* («Ақсауыт»).

Осы келтірілген мысалда контаминация деп танығандарымыз: *арыңды қолдан берме – арын сақтады+намысты қолдан бермеді.*

3) мағыналары жуық, құрылымдары әр басқа фразеологизмдердің контаминациясы:

*Қалмақша әзіл, білем сөз қатысты* («Ақсауыт»).

*сөз қатысты – сөзге келмеді+тіл қатысты.*

4) құрылымдары біртектес, мағыналары басқа-басқа фразеологизмдердің контаминациясы:

Адам болып ер жетсе,

*Өзімнің соғар таяғы* («Қобыланды»)

Ғалым әрі қарай контаминацияланған фразеологизмдердің өзіне тән ерекшеліктері болатыны және олардың әрқайсысының стильдік реңкі болып, олар бірінің орнына бірі жүре бермейтіндігі жайлы сөз қозғайды [13, 44-46 бб].

Зертеуші Р.Тұяқбаева фразеологизмдердің контаминация тәсілі арқылы берілуіне «*дұспан не демейді, түске не кірмейді*» деген мысал келтіреді. Мұндағы алғашқы тіркес көпшілікке белгілі. Екінші тіркестің қалыпты үлгісі - «*тауықтың түсіне тары кіреді*». Ғалым бұл жөнінде мынадай қорытынды шығарады: автор осы тіркесті алдыңғы тіркестің екінші сыңарының орнына дұрыс қолданып, орынды икемдей білген. Екі тіркес бірігіп, ұласып, бір мағынаны білдіріп тұр. Дегенмен де баспасөзде осындай контаминация тәсілі арқылы жасалған авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің сирек кездесетіні байқалады [14, 206].

Ғалым Н.Т.Нығметова С.Жүнісовтің драмалық шығармаларындағы авторлық өзгерістерге ұшыраған тұрақты тіркестерді талдап, жазушының салтанатты көтеріңкі күйді, алғыс және қарғыс мәнді білдіретін түрлі фразеологизмдерді молынан қолданғанын, фразеологизмдердің негізгі дені күнделікті қолданыста жиі кездесе бермейтін, ерекше бояулы *аны кіріп, күні шығу; тұлан тұту; қолтығына су бүрку; қаны жерге тимеу т.б.* фразеологизмдер екендігін сөйлемдегі тіркес кейіпкердің асып-сасқан кезіндегі қимыл әрекетін суреттейді». І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» *асып-састы, бір кіріп, бір шыққан қарбалас күйге* көшті деп берілген [15, 136].

Ғалым Г.Ақылбаева еңбегінде контаминация құбылысына байланысты С.И.Ройзензонның пікірін келтіреді: «Барлық анықтамаларда ескерілмей қалған бір нәрсе – фразеологиялық контаминация кезінде бірігетін жеке фразалық бірліктердің кез-келген біреуі бір сыңарын жоғалтады. Осы аралықта қатаң синтаксистік және мағынаның бірігуі жүзеге асады. Сондықтан да жай екі фразалық бірліктің қосылуы, бірігуі немесе кірігуінің барлығы бірдей контаминация құбылысына жатқызыла бермейді» [16, 116]. Ғалым бұл пікірді орынды көреді. Бізде мұнымен келісеміз. Дәлел ретінде мынадай мысалдар келтірейік: *өрісі тарылып, бейілі қашу; жұмбақ жайға тілек қосқан* тіркестері контаминация құбылысы бола алмайды.

Сонымен контаминация - ықшамдаудың бір түрі. Контаминация арқылы екі немесе одан көп бірліктердің бір-біріне ортақ, жақын белгілерін анықтап, оларды өзара сыйыстыру ықшамдау болып табылады. Ғалым Н.Тихонов сыйысу құбылысын тілге кері әсерін тигізеді деуімен біз келіспейміз. Жоғарыдағы «*қаламы жүйрік*» және автор жасаған «*қолы жүйрік*» тіркестері тілімізде бірдей қолданылса, тіл байлығымыз кең болмақ. Бұл жөнінде ғалым Р.Сыздық: «Тіл дамуының әр кезеңінде, әртүрлі салада, әртүрлі дәрежеде және әр қилы сипатта жарыспалықтың орын алуы – табиғи құбылыс. Онсыз бірде-бір тіл өмір сүрмейді. Егер жарыспалық құбылыс болмаса, тілдің нормалану процесі де жүрмес еді, тіл мәдениеті үшін күрес те күн тәртібінде тұрмас еді», - дейді. Бұдан шығаратын қорытынды: контаминация құбылысы тілдік қорымызды арттыруға, оны әр қырынан

танытуға мол септігін тигізеді. Бұл құбылыс жасалған арқылы жасалған тіркестердің эмоциялық, стилистикалық реңі басымырақ болады.

#### Қолданылған әдебиет

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2005.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. - Алматы, 1998.
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - Москва, 1966.
4. Словарь иностранных слов. - Москва, 1987.
5. Большая советская энциклопедия. – Черногорск, 1952.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -Алматы, 1992.
7. Исаев С. Қазақ тілі жайындағы ойлар. - Алматы, 1997.
8. Қоянбекова С. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. - Алматы, 2008.
9. Махметова А. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер. - Астана, 2006.
10. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1998.
11. Абдрахманова Ж.А. Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер. - Алматы, 2008.
12. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. - Алматы, 1978.
13. Қосымова Г. Қазақ эпосындағы фразеологизмдер. - Алматы, 1997.
14. Тұяқбаева Р. Қазақ баспасөзінің лексикасы мен фразеологиясы (1990-2005 жж.). –Астана, 2005.
15. Нығметова Н. С. Жүнісов драмалық шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері. - Астана, 2009.
16. Ақылбаева Г.И. Контаминация құбылысының тілдегі көрінісі. - Алматы, 2008.

ӘОЖ 811.512.122`355:636

#### ЖЫЛҚЫ АТАУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

Ғазизов Ғибрат

*gibrat\_01@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «5В020500 – Филология. Қазақ тілі» мамандығы бойынша II  
курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Сарекенова

Қазақ халқының сан ғасырлық өмір тарихы, қиын да күрделі тағдыры, аса бай мәдени мұралары тұтастай фразеологиялық қордан көрініс тапқан. Тұрақты сөз тіркестерінің көпшілігінде төрт түлік мал, соның ішінде жылқы малына байланысты тіркестер өте көп кездеседі.

Жылқы атауымен байланысты қолданылатын тұрақты сөз тіркестерін тек жылқыға қатысты қолданылатын және адамға қатысты қолданылатын фразеологизмдер деп қарастырып отырмыз.

Тек жылқыға қатысты қолданылатын фразеологизмдер жылқыны бағуға, баптауға, бәйге аттарының дене мүшелерін, сынын, бабын сипаттауға байланысты пайда болған. Мәселен, ат жемді көп жегендіктен аяғы ақсап қалады. Мұны **атқа жем түсті, аяғына жем түсті** дейді. Мысалы: *Бірақ бұ жолы бәйгеге салудың реті қалай болар екен, ортаншысының аяғына жем түсіп, ақсап жүр* (І. Есенберлин). Жылқыны қастерлеген қазақ жол жүргенде зорықтырмай, аттан түсіп, біраз от шалдырып, әлдендіріп, тынықтыратын, болған. Мұны **ат шалдыру** дейді. Мысалы: *Ұлытаудан бері асып, күнгей беттегі тал түбекті құла су Жанғабыл өзенінің бойындағы «Орда тіккен» деп аталатын, бір кезде Жошы аулы қонған жерде ат шалдырып жатқандарында, қасында он жасауылы бар, Көксеңгірін ойнақтатып Қобыланды батыр үстеріне сау ете қалған* (І. Есенберлин).